



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына***2026 жылғы 21 мамырдағы № ДС-156 депутаттық сауалға***Құрметті депутаттар!**

Ақтөбе және Қостанай облыстарындағы шаруа қожалықтары басшыларының ұжымдық жолданымына қатысты сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Қазіргі уақытта Үкімет киіктер санының артуынан ауыл шаруашылығы өндірісіне келетін теріс әсерді азайтуға, биоалуантүрлілікті сақтауды қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесі саласындағы халықаралық міндеттемелерін орындауды сақтауға бағытталған шаралар кешенін іске асыруда.

***Киіктер кең таралған өңірлердегі жағдайға Үкімет деңгейінде кешенді талдау жүргізуге, нақты дағдарысқа қарсы іс-қимыл жоспарын қабылдауға және киік популяциясының санын ғылыми негізде тиімді реттеу тетіктерін енгізуге қатысты***

Киіктер кең таралған өңірлерде қалыптасқан ахуалды ескере отырып, Үкімет тарапынан ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге келтірілетін залалды барынша азайту бойынша жедел шаралар қабылдануда.

Осылайша өңірлік жедел штабтар құрылып, ауыл шаруашылығы алқаптарының тапталу фактілері анықталған жағдайда әрекет ету алгоритмдері бекітілді, инспекторлық құрамның күшімен ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде патрульдеу ұйымдастырылды, сондай-ақ вахталық әдіспен ауысымдық кезекшілік енгізілді.

Аталған шараларды өткен жылы іске асыру егістік және шабындық алқаптардың тапталу ауқымын төмендетуге мүмкіндік берді.

Биыл бұл жұмыс бүкіл республика бойынша жалғасуда, оған 396 адам мен 239 бірлік техника жұмылдырылған.

2025 жылы киіктерді табиғи ортадан алу кезінде 30 ет өңдеу кәсіпорнымен шарттар жасалып, оларға одан әрі өңдеу және өткізу үшін киік еті берілді.

Биыл ғылыми негізде әзірленіп жатқан ұсынымдарға сәйкес киіктерді алу жөніндегі іс-шараларды жалғастыру жоспарланып отырғанын айта кеткен жөн.

Алайда қазіргі уақытта киіктерді алу көлемі шектелген. Қалыптасқан қойма қорларын ескере отырып, нарықтың одан әрі тауармен шамадан тыс толып кетуінің нақты қаупі бар. Бұл өз кезегінде өткізілмеген өнім көлемдерінің едәуір артуына, өңдеуші кәсіпорындарға түсетін қаржылық жүктеменің көбеюіне және олардың реттеу барысында алынған өнімді одан әрі өңдеуге қатысуға деген қызығушылығының төмендеуіне алып келуі мүмкін.

Осыған байланысты Үкімет киік етінен жасалған өнімді экономикалық айналымға тарту бойынша жұмыстар жүргізуде.

Атап айтқанда, Қорғаныс, Ішкі істер және Төтенше жағдайлар министрліктері осы өнімді азық-түлікпен қамтамасыз ету жүйесінде және мемлекеттік материалдық резервте пайдалану мәселелерін пысықтауда.

«Самұрық-Қазына» АҚ-мен бірлесіп отандық өндірушілердің сатып алуға қатысуы үшін Тауарлардың бірыңғай номенклатуралық анықтамалығында киік етінен жасалатын өнімдердің тізбесі кеңейтілді.

Сондай-ақ, ҚР ПМ-нің «Еңбек» РМҚК жыл сайын киік етінен жасалған консервіленген өнімдерді 1 мың тоннаға дейін сатып алуға дайын екенін растады.

Өз кезегінде, Ауыл шаруашылығы министрлігі киіктерді сою тәртібін, биологиялық қалдықтарды кәдеге жаратуды регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдады, сондай-ақ киік еті бойынша ұлттық стандарттарды әзірледі. Сонымен қатар киіктің популяциясын ветеринариялық бақылау және тұрақты эпизоотологиялық мониторингтеу қамтамасыз етілуде.

***Киіктердің қоныс аудару маршруттарын заңнамалық тұрғыдан бекіту және мал айдаудың тарихи жолдарын қалпына келтіру мәселесі бойынша***

Қазақстан Жабайы жануарлардың қоныс аударатын түрлерін сақтау туралы конвенцияның қатысушысы болып табылады және киіктердің кедергісіз қоныс аударуын қамтамасыз ету мен олардың мекендеу ортасын сақтау жөніндегі міндеттемелерді орындауда.

Киіктің жаппай және маусымдық қоныс аудару ерекшелігін ескере отырып, ауыл шаруашылығы алқаптарында қоныс аудару жолдарын толық бөгемеу шартымен қоршаулар орнатуға жол беріледі.

***Су инфрақұрылымын дамыту жөніндегі арнайы мемлекеттік бағдарламаны қабылдау мәселесі бойынша***

Су шаруашылығы саласында кездесетін проблемаларды шешу мақсатында Қазақстан Республикасының су саласын дамытудың 2024 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді.

Бұдан бөлек, су ресурстарын басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған Қазақстан Республикасының жаңа Су кодексі қабылданды.

Қолданыстағы бағдарламалық құжаттардың болуына байланысты жеке мемлекеттік бағдарламаны әзірлеудің қажеттілігі жоқ деп санаймыз.

***«Алтын Дала» мемлекеттік табиғи резерватына бөлінген жерлерге тәуелсіз ғылыми және құқықтық аудит жүргізуге қатысты***

«Алтын Дала» мемлекеттік табиғи резерваты сирек кездесетін жануарлар мен құстар түрлерінің мекендеу және қоныс аудару аймақтары болып табылатын Қазақстанның эталондық табиғи аумақтарын сақтау мақсатында құрылған.

Сонымен қатар резерват аумағында әлемде сақталған жалғыз жабайы жылқы түрі – Пржевальский жылқысының популяциясын қалпына келтіру жөніндегі халықаралық жоба іске асырылуда.

Қазіргі уақытта бұзушылықтарды айғақтайтын құқықтық негіздердің болмауына байланысты бөлінген жерлерге тәуелсіз ғылыми және құқықтық аудит жүргізу мерзімінен бұрын болып табылады.

***Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге келтірілген залалды өтеу тетігін әзірлеу және зардап шеккен ауылдық елді мекендерге нақты қолдау көрсету мәселесі бойынша***

Ауыл шаруашылығы жерлерін (*егістіктерді, шабындықтар мен жайылымдарды*) киіктердің таптауынан қорғау мақсатында Зоология институтының ұсынымдарына сәйкес Инвестициялық субсидиялау қағидаларына өзгерістер енгізіліп, жерлерді киіктерден қорғауға арналған топсалы торлар мен тіреуіш бағандарды сатып алуға жұмсалған шығындардың 50 пайызын өтеу көзделді.

Сондай-ақ Ауыл шаруашылығы министрлігі қазіргі уақытта егістіктерді киіктердің таптау тәуекелдерінен сақтандыруды көздейтін сақтандыру өнімін әзірлеу және енгізу мәселесін пысықтауда.

***Киіктердің санын реттеу жөніндегі іс-шараларға жеке аңшылық шаруашылықтарын тарту мәселесін қарау бойынша***

Жеке аңшылық шаруашылықтарын аталған жұмысқа тарту туралы ұсыныс ғылыми қауымдастық пен қоғамдық ұйымдардың қатысуымен қаралды.

Жүргізілген талдаудың қорытындысы бойынша аңшылық шаруашылықтардың әлеуеті реттеудің қажетті көлемдерін қамтамасыз ете алмайтыны анықталды.

Осыған байланысты қажетті мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ете отырып, кәсіби аңшылар қатарынан қосымша мамандандырылған бригадалар құру мәселесі пысықталуда.

Киіктердің санын реттеу, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге келтірілетін залалдың алдын алу және барынша азайту, киіктердің қоныс аудару процестерін мониторингтеу, сондай-ақ су шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту мәселелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің тұрақты бақылауында.

**О. Бектенов**